«Хабардың» «Азамат» бағдарламасы әр жұма сайын «Қазақстан-ZAMAN» газетінде

«Қазақстандағы кітапханаларды қолдау жолдары қандай болуы керек»

Жүргізуші Ринат КЕРТАЕВ:

— Кітапханалардың жағдайы мен оған деген адамдардың көзқарасы кез-келген қоғамның даму дәрежесін көрсететін басты көрсеткіш. Өйткені, кітапхана атты рухани ордада әрбір азамат білім-ілім іздейді, алған нәрсесін одан әрі дамытады. Сондықтан да болар өркениетті елдерде бұл салаға деген назар қашанда жоғары. Француз ойшылы Пьер Буаст «Шын мәнінде сарқылмайтын бір байлық бар. Ол — кітапхана» — деп атап өткен кітапханалардың біздің елдегі жағдайы қандай, оларды қалай дамытуға болады?

Тікелей талқылаудың өзіне өтпес бұрын журналистеріміз дайындаған сюжетке кезек берсек.

СЮЖЕТ

Кітапхана – киелі мекен. Қазақ даласындағы көненің көзі саналған қаншама кітап қоймаларын айтпағанның өзінде бүгінгі қарашаңырақ саналатын Ұлттық кітапхананың өзі 85 жасқа толды. Қойнауында әлем халықтарының 50 тіліндегі 5,7 миллион дана әртүрлі басылымы бар бас кітап ордасының бұл белесін де ұлттық мәдениетіміздің бір бөлшегіне балаған дұрыс. Бірақ, бүкіл республика аумағындағы кітапханаларымыздың қазіргі хал-ақуалы да оқырман қауымды көптен толғандырып жүргені рас. Еліміз тәуелсіздік алған тұстары талай елді-мекеннің мәдени ошақтары жұмысын тоқтатып, өз кезегінде кітапханалар қызметіне де қауіп төнген болатын. Ауылды жерлерде кітап қорының артуына дұрыс жағдай жасалмады. Кейін мәдениет жылы бұл олқылықтардың орнын жабуға аз да болсын серпін берді. Қазір ұлттық «Мәдени мұра» бағдарламасы да елдегі кітапханалар жүйесінің құнды жәдігерлермен толыға түсуіне айтарлықтай талпыныс жасауда.

Бүгіндері елімізде 11 мыңға жуық кітапхана болса, солардың 3500-і көпшілік, 270-і аудандық, 2700-і ауылдық кітапхана. Бұлардың барлығына арнап әдістемелік басшылықты 4 үлкен кітапхана, атап айтсақ Ұлттық кітапхана, Жамбыл атындағы жасөспірімдер кітапханасы, С.Бегалин атындағы республикалық балалар кітапханасы және заңиптарға арналған арнайы республикалық кітапхана жүргізеді.

Заман ағымына сай қазір еліміздің бірнеше өңірлеріндегі, мысалы Павлодар, Қарағанды және Алматы облыстарындағы кітапханалар бүгінгі күн талабына лайықты электронды

Кәмшат МӘСІМЖАНОВА

құрал-жабдықтармен қамтамасыз етілді. Кітапханаларды әлемдік ақпараттық кеңістікке шығару үшін 90 жылдардың басында республикалық Рабис бағдарламасы қабылданға-нын да атап өтуге болады. Бірақ осы бағдарлама аясында ендігі кезек ауылдық кітапханаларды өркендетуге сұранып тұрған сияқты. Кітапханаларымыздың жағдайын басқа қандай жолдармен жақсартуға болады?

Пікірсайысшы Кәмшат МӘСІМЖАНОВА:

— Кітапсыз үй — терезесіз бөлме. Ал кітапханасыз мемлекет ше? Оны көз алдыңызға елестете беріңіздер. Нарық кітапханаға да кері әсерін тигізгені жасырын емес. Осыған байланысты мен ұсыныстарымды үш тарапқа бөлдім. Ауыл кітапханалары, қала кітапханалары және ірі кітапханалар. Ауыл кітапханаларына тоқталсақ. Ауыл жылдары ауылдағы кітапханалардың деңгейі көтерілді ме? Соңғы 10 жылда ауылдардағы 4 мың кітапхананың жабылғаны нені меңзейді? 1993 жылы 7023 кітапхана болса, 2004 жылы 2630 ғана ауыл кітапханасы қалған екен. Бұл жылдан-жылға кітапханаға деген көңіліміздің суып бара жатқанын көрсеткендей. Бір ғана Алматы облысының өзінде 685 кітапхана жабылған. Егер мән беріп қарайтын болсақ, бұл ұлттың тамырына балта шабу емес пе?! Біз осы жағдайға қарамастан ауыл тұлектерінің білім деңгейі төмен деп байбалам салып жатамыз. Тағы бір мәселе, біздің ауылдағы оқырмандарымыз қандай кітаптар оқып отыр? Сөз жоқ, осы уақытқа дейін ауыл оқырмандары Кеңес үкіметі кезіндегі жазылған кітаптарды оқып келеді.

І ҰСЫНЫСТАР:

«Ауыл кітапханалары»

1. Ауыл кітапханаларының ғимаратын жергілікті әкімдіктер жөндеуден өткізіп, оларды жаңа құрал-жабдықтармен қамтамасыз етуі тиіс.
2. Ауыл кітапханаларының қорына назар аудару керек.
3. Кітапханашы-мамандарды ауылға әкелу жұмыстарын қолға алған жөн. Бүгінде олар жетіспейді.

Жүргізуші Ринат КЕРТАЕВ:

— Құрметті сарапшылар Кәмшат отандық кітапханалардың қазіргі ахуалына тоқталып, оларды қолдау қажеттігін айтты. Соның ішінде, ол ауылдық кітапханаларға қатысты да өз ұсыныстарын білдірді. Сіздер бұл ұсыныстарға не дейсіздер? Ауыл кітапханасының қазіргі жағдайы қандай?

САРАПШЫЛАР:

Мәриям ҚАЙСАРБЕКОВА, Орталықтандырылған кітапханалар жүйесі директорының орынбасары: — Бүгінгі күні қалада да кітапхана қызметкерлері жетіспейді. Сондықтан жас мамандарға жағдай жасау керек. Жоғарыда Кәмшат өз сөзінде ауыл кітапханаларына әкімшілік тараптан қолдау болу керектігін баса айтқаны өте орынды. Мәдени мұраны жете түсінген әкімдер кітапханаға дұрыс көңіл бөлсе бүгінгі ауылдың жағдайы алдағы уақытта жақсарар еді. Бұл шешілетін мәселе.

Қаншайым ИЗАМБЕКОВА, Ұлттық кітапхананың кітап қорын толықтыру бөлімінің меңгерушісі: — Бірінші мәселе – ол ғимаратты жөндеу емес. Әуелі сол ғимараттың ішіндегі сөрелерді кітапқа толтыру болып саналуы тиіс. Ауыл — қазақ деген сөз. Талантты жастардың дені де ауылдан шығып жатыр. Сондықтан біз ауылға ерекше көңіл бөлуіміз керек. Реті келгенде, ашық айтайын, бізге ауылдан кітаптарға тапсырыс түссе міндетті түрде сұраныстары қанағаттандырамыз. Қазіргі кезде мемлекеттік тапсырыс бойынша баспалардан қаншама кітаптар жарық көріп жатыр. Біз сол кітаптарды ауылға үлестіруге әрқашан да дайынбыз.

Кәмшат МӘСІМЖАНОВА:

— Бүгінде ауыл кітапханаларында кітаптар жоқ екенін мен ойдан шығарып отырған жоқпын. Ол — ақиқат. Одан кейін 'кітапханашы деген тек қана сұраған кітапты тауып беруші маман ба? Бізде неліктен осы жағы қарастырылмаған? Жасыратыны жоқ, қалаларда «кітапханашы» деген мамандықтың барын жастар біле бермейді.

САРАПШЫЛАР:

Зағира ҚАНАФИЯ, Ұлттық кітапхананың қызмет көрсету бөлімінің меңгерушісі: — Қәмшаттың айтып отырғаны дұрыс. Бір затты бұзып алу оңай, ал оны қалпына келтіру өте қиын. Кеңес үкіметі кезінде ауыл кітапханалары керісінше жақсы дамыған болатын. Ауылдағы мәдени ошақтарға жергілікті әкімшілік емес мемлекеттік тараптан ерекше көңіл бөлінетін. Ертеңгі күні бармақ тістемес үшін ауыл балаларына бүгіннен бастап рухани қолдау көрсетуіміз керек. Несін жасырайын, бүгінгі күні кітапханашы болып жүрген қызметкерлердің басым көпшілігі кездейсоқ адамдар. Олар бастықтың қызы,



келіні немесе жақыны дегендей...

Серік ӘБДІРАЙЫМҰЛЫ, «Санат» баспасының директоры, жазушы: — Мен өзім республиканың түкпір-түкпірінде болып жүрген жағдайым бар. Әсіресе, ауылдық жерлерде көп болдым. Сонда байқағаным, біздің кітапханалар сондай мүсәпір халде. Көңілің құлазиды. Арнайы ғимарат жоқ. Сондықтан жоғарыда Кәмшат айтқандай ең бірінші материалдық базаны нығайту керек. Кітапханаға мемлекеттік көзқарас болмай оны жергілікті әкімшілікке ысырып тастаудан еш пайда жоқ. Тап қазіргі уақытта ауыл жылаған күйде, алақан жайған халде қалуға еш тиісті емес.

Кәмшат МӘСІМЖАНОВА: — Ең басты проблема, бүгінгі таңда баспа мен кітапханалардың байланысы мүлдем үзіліп қалуында болып отыр. Баспа өз кітабын шығарумен әлек болса, ал кітапханалар ондағы кітапты сатып алумен әлек. Ауылды былай қойғанда қала кітапханаларының өзіне баспалар кітапты қиынсынып береді. Осыған нақты жүйе керек.

Серік ӘБДІРАЙЫМҰЛЫ: — Қазір баяғыдай ел мен баспаны байланыстырып жатқан кітап сауда жүйесі түбірімен жойылған. Қалай болғанда да сауда жүйесін бір жолға қоятын орталық керек-ақ.

Пікірсайысшы Кәмшат МӘСІМЖАНОВА: — Қалай дегенмен де, мемлекет ауыл кітапханаларына дұрыс көңіл бөлуі керек. Қазіргі кезде қалалық кітапханалардың жағдайы да айтарлықтай мәз емес. Мұнда да кітаптар жетіспейтіні тағы бар. Проблемалар жетерлік. Бірақ та, ауыл жастарына қарағанда қаладағы жастардың кітапханаға баруына толық жағдай жасалған. Қазір кез-келген қалада интернет желісі бар. Сондықтан қалалық кітапханалар модельдік жүйеге қарай ауысуы керек. Бұл жүйе оқырмандарды қызықтыратыны сөзсіз. Сондай-ақ, қалалық кітапханаларды қазақшаландыру қажет. Әдеби салаға ғана емес, техникалық кітаптарға да көңіл бөлген жөн.

ІІ ҰСЫНЫСТАР:

«Қалалық кітапханалар»

1.Модельді кітапханалардың санын арттыру.

2.Бұл жаққа да мамандар жетіспейді. Соларды тарту.

3.Кітапханашылар арасында жарыстар ұйымдастыру. Оқырмандар үшін түрлі қызықты акциялар өткізу қажет.

САРАПШЫЛАР:

Мәриям ҚАЙСАРБЕКОВА:

— Кейінгі 3-4 жылдардың ішінде қалалық кітапханалардың жағдайы едәуір жақсарды. Енді оларды әлемдік деңгейдегі жүйемен жұмыс істеуге жұмылдыру керек.

Дәметкүл НҰРҒАЛИЕВА, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ кітапханасының директоры: — Біздің кітапхана модельдік жүйеге толық өткен. Университетте жоғары білім

алатын 14 мыңнан астам студент осы кітапханадан іздеген оқулықтарын таба алады. Университет басшылары барлық баспалармен соңғы кітапты сатып алуға келісім-шартқа отырған. Сондықтан, соңғы шыққан кітаптардың барлығын біздің студенттер бір жылдық негізде жаздырып оқуға мүмкіндігі бар.

Зағира ҚАНАФИЯ: — Бүгінгі таңда ЖОО өте көп. Сондықтан барлық кітапханалар студенттер кітапханасы болып кеткен. Әсіресе, ЖАҚ жоғары оқу орындарында кітап қоры өте аз. Бізге базасы сәйкес келмейтін оқу орындарын ашуға қатаң тыйым салатын уақыт жеткен секілді.

Серік ӘБДІРАЙЫМҰЛЫ: — Ұлттық кітапханада 600 миллиондай кітап қоры бар. Біз жас кезімізде осы ұлттық кітапханадан шықпайтынбыз. Ол уақытта жұмыс уақыты қазіргідей емес болатын. Демалыс деген атымен жоқ. Сондықтан бұл кітапхананың жұмыс уақытын өзгерту керек. Таңертең 8-ден бастап кешкі 22-ге дейін халыққа қызмет көрсетсе деген арманым бар.

Зағира ҚАНАФИЯ: — Біз оқырмандардан еш қашпаймыз. Егер де жоғарыдан сондай талап келсе күні ертең-ақ солай жұмыс істейміз.

Кәмшат МӘСІМЖАНОВА: — Шоқтығы биік Ұлттық кітапхана екені рас. Бірақ, бізге осындай деңгейдегі кітапханалар әлде де қажет-ақ. Сондықтан, мемлекет Отырар кітапханасын байытып және Астанада ірі кітапхананың бой көтеруіне мұрындық болса, мәдениетімізге салиқалы серпін болар еді. Сондай-ақ, бұл ірі кітапханаларда студент жастарға 50 пайыздық жеңілдік қарастырылса дұрыс болар еді.

ІІІ ҰСЫНЫСТАР:

«Ірі кітапханалар» (Ұлттық кітапхана, Астана қ. Академиялық кітапхана, Отырар кітапханасы)

1. Кітапханашылар бірыңғай киім киюі тиіс.
2. Кітапханадағы қызметтер үшін студенттерге 50 пайыздық жеңілдік жасалса.
3. Сирек кездесетін қолжазбалардың электронды нұсқасын жасау.
4. Сауалдарды қанағаттандырмайтын кездер жиі кездеседі. Сондай бюрократизмді азайтқан абзал.
5. Ұлттық кітапханада Қазақ ұлттық мәдени орталығын құру.

Отырар кітапханасына назарды күшейтіп, ұлттық мәдени кешенге айналдыру.

САРАПШЫЛАР:

Зағира ҚАНАФИЯ: — Аманатты адам жеткізбейді, кітап жеткізеді. Жоғарыда Кәмшаттың айтып отырғаны өте дұрыс. Біз кітапханаға дұрыс көңіл бөлген сайын, өскелең ұрпақтың жарқын болашаққа қарай бағыт алып бара жатқанын білуге болады.

Қаншайым ИЗАМБЕКОВА:

— Әрине, кітапхана қызметкерлерінің біркелкі киім кигендері дұрыс деп санаймын. Ал ірі кітапханалар тек үшеу ғана емес әр облыста болуы қажет. Себебі, кітапханалар көбейген сайын оқырмандарымыз да арта түседі. Мәселе, бар нәрсені көрсете білуде болып тұр. Студент жастарға жеңілдік жағын жоғары жақ шешкен дұрыс. Өйткені, біздің кітапхана ондай жеңілдік жасайтын жағдайға жете қойған жоқ.

Жүргізуші Ринат КЕРТАЕВ:

— «Кітапхана — адам қиялына толы үлкен дүкен» деген екен кезінде бір ғұлама. Ендеше бүгінгі талқылауда айтылған ұсыныстармен қатар, осы саланың басы-қасында жүргендер отандық кітапханалардың жағдайын жақсартудың әр алуан жолдарын табады деп сенейік. Алаштың арқа сүйер ардақты азаматтары көп болғай, ағайын.

P.S. *Алдағы жұма күні "Азамат" бағдарламасында «Каспийдің құқықтық мәртебесін анықтау жолдары қандай болуы керек?» тақырыбының жан-жақты талданатын жазбаша нұсқасын оқи аласыздар.*

Әзірлеген «Азамат» бағдарламасының редакторы Ысқақ ДҮЙСЕМБАЙҰЛЫ.

Мемлекеттік тіл

Мемлекетте негізгі бір тіл болуы керек. Ол — мемлекеттік тіл. Өмірдің сырын, халықтың бойындағы асыл қасиетін, болмысын тіл арқылы танып білуге болады. Мемлекеттік тіл — халықты біріктіретін ел тірегі, елді танудың арқауы. Мемлекеттік тілін сүймеген, құрметтемеген халқын да сүйіп иә қадірлеп жарытпайды.

Тіл — тәуелсіздік негізі

Қазақ тілі мемлекеттік тіл ретінде күллі қазақстандықтарға ортақ.. Мемлекеттік тілдің қолданыс аясын кеңейтіп, өмірдің барлық саласында пайдаланып, тілдік орта қалыптастыру мақсатында қазақ тіліне басымдық берілгені жөн. Тіл басымдылығының әсерін сезінген адам халықтың әдет-ғұрпын, салт-санасын сыйлайды.

Қазақстанда атқарылып жатқан игі істердің барлығы қазақ есімімен байланыстырылғаны абзал. Халық рухы тілден тыс өмір сүре алмайды. Қазақ мемлекетінің негізін құраушы байырғы халық — қазақтар.Тілі де, діні де тек қазақ мемлекетінде өркендейді, салт-дәстүрі сақталады. Тілі өзгерген соң оның діні де, ділі де өзгереді. Олай болса, елімізде ашық үстемдік берілетін ең басты мәселе — осы мемлекеттік тіл. Оған деген құрмет балабақшадан басталады. Тілге деген құштарлықты да қазақ тілді балабақша ғана оята алады әрі үйретеді. Тіл мектепте меңгертіліп, жоғары оқу орнында қалыптастырылып, қызметте талап етілуі тиіс. Қазақстанның көп этносы қоғамды топтастырудағы оң бағытынан өзгенің алатын, үйренетін үлгілі факторлары баршылық. Қазақстан діни наным-сенім бостандығы, нәсілдік-этникалық тұрғыдан адам құқығының сақталуы жөнінен әлемдегі жетекші елдердің өзіне үлгі бола алатын дәрежеге жетті. Ал, біздің өзге елдерден алатын үлгі-өнегеміз — мемлекеттік тіл мәселесі.

Барлық мемлекеттерде мемлекеттік тіл топтастырушы фактордың бірі болып табылады. Оның насихатталу, қолданылу дәрежесі жоғары. Оларда мемлекеттік тілді меңгеру, қорғау, құрметтеу заңда да, қоғамдық-саяси өмірде де талап етіледі. Ендеше, біз де көп этносты қоғамды топтастырушы, танытушы мемлекеттік тілді шет қақпай, оған нақты мемлекеттік қамқорлық жасауымыз керек-ақ.

Тілді білу — ұлтаралық қатынастар үйлесімділігін арттырып, халықтың топтасуы мен қоғамдық келісімді нығайтады. Халықпен сырласып, ұғыса тілдескенде ғана халыққа жақын боп, біте қайнасып, өзіндей болып кетесің. Тілді білмеуден арадағы байланыс әлсірейді. Тілді білмейтіндер мемлекеттік тілге тосқауыл қояды. Ондай ішмерез әрекеттерге бірлескен түрде қарсы күресуіміз керек. Ол үшін, ең алдымен, тіл мен мемлекеттің келешегіне жаны ашып жүрген азаматтарды қолдау қажет.

Елдің тарихы мен мәдениетін, тілі мен әдебиетін меңгергендердің идеялық бірлігі — мықты, рухы — күшті. Әркімнің өз ұлтының мүддесін қорғамай, ортақ үйіміздің, жалпы қоғамның мүддесін қорғауы ләзім. Мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеруге күллі қазақстандықтар мүдделі. Бір тудың астында қазақтармен бірге еңбек етіп жүрген өзге ұлт өкілдері осы елдің мүддесіне қарай икемделіп, мемлекеттік тілін мойындауы тиіс, ол — біздің адами борышымыз.

Тілді үйрену — тек сөйлеу үшін ғана емес, сол тілде өмір сүру үшін, халықты танып, білу үшін де керек. Ұлттық тілді сақтау — өркениетке барар жол! Қазақ тілі қазақ болып қалу үшін керек болса, мемлекеттік тіл осы ел тұрғындарының бір-бірімен түсіністікте өмір сүріп, толыққанды азамат болуы үшін керек. Тіл деген әрбір ұлттың төлқұжаты, бетпердесі екенін естен шығармаған абзал.

Асылы Әлиқызы ОСМАН, Қазақстан халықтары ассамблеясының мүшесі, «Мемлекеттік тілге — құрмет» бірлестігінің, Алматы облыстық Әзірбайжан ұлттық-мәдени орталығының төрайымы, филология ғылымының кандидаты.

Аудандар тынысы

Үміті үлкен — Үржар

Сүйеубай БАЙҚАДИҰЛЫ

Бір кезде Үржар Семей облысы құрамында болғанда, ауданды колхоздар аймағы деп те атайтын. Кейін Семей облысы тарағасын Үржарға оң қапталындағы — Таскескен, сол қапталындағы — Мақаншы аудандары қосылып, Үржар ірі аймаққа айналды.

Үржар ауданында жүз мыңға тарта халық тұрады, оның сексен мыңнан астамы қазақтар. Аудандағы тіл — мемлекеттік, яғни қазақ тілі. Әйтсе де, бұл өңірдегі 60-тан астам орта мектептің тең жартысына жуығы аралас және орыс мектептері екен. Аудан тұтас қазақ тіліне көшсе де, орыс мектептері жабылған жоқ, қайта оқушылары азайса да, аралас мектеп ретінде орыс тілін сақтап отыр. Қазір ауданда ірілендірілген 11 тауарлы шаруашылық кооперативтері, 3990 шаруашылық қожалықтары жұмыс істеп тұр.

Үржар — агросекторы қатты дамыған аудан. Мұнда, сондай-ақ, шағын кәсіпкерлік, сауда-саттық бизнесі жоғары деңгейде. Ауданның ірі елді-мекендерінде оннан аса базар, 365 сауда дүкені, 42 жекеменшік дәріхана бар екен. Бір ғана Алакөлдің жағасында жазғы айларды салық инспекциясында тіркелген 200-дей шағын кәсіпкер қызмет жасайды.

Үржар өңірі — есімдері елімізге әйгілі ұл-қыздар шыққан орта. Қазір ауданнан шыққан 19 Социалистік Еңбек Ері, әлі де көзі тірі алты Социалистік Еңбек Ері, 103 соғыс ардагері (ордендермен наградталған) жастарды тәрбиелеу ісіне белсене атсалысып жүр. Ауданда көзінің тірісінде Ұлы Отан соғысында ересен ерлік көрсеткен қаһарман азаматтар Сүлеймен Корагимов, атақты партизан Мешітбай Хасеновтердің ерліктері жас ұрпаққа үлгі-өнеге. Үржар өңірінен атақты ғалымдар, мемлекет қайраткерлері, есімдері әлемге әйгілі спортшылар да шыққан. Олар — Қабдеш Жұмаділов — халық жазушысы, балуандар — Дәулет Тұрлыханов, Әсет Иманбаев, композитор-күйші — Секен Тұрысбеков, әнші — Бақыт Үдербаева, өнер зерттеуші — Жарқын Шәкәрімова, ғалымдар — Мұхтар Құл-Мұхаммед, Лұқпан Сыдықова, Сәбихан Байжанова,

мүсінші — Т.Досмағанбетовтердің, ақын-журналистер — Махат Сыдық, Аманкелді Сейітқан, Айжарық Абылқасымов, Жабайыл Бейсеновтердің Отаны.

Қабанбай бабамыздың кіндік қаны тамып, тұлпары аунаған жерде түк қалғандығы, ол кісінің киелі аруағы қолдағандығы шығар, Үржардың облыс аудандарының қай-қайсысымен салдыстырсаңыз да шоқтығы биік, болашаққа деген үміті мен сенімі үлкен. Сол жолда үржарлықтар талапкер, іскер аудан басшысы — Дүйсенбай Мағзұмұлы Селихановпен бірге үкілеген үміттерін жоғары ұстап, нық адымдауда. Табалдырықты аттаған ит жылы да үржарлықтардың алар биігі төмендемейтініне аудан тұрғындары көміл сенеді. KZ

Аякөз — Үржар.